

**ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР БАҒЫТЫ**  
**НАПРАВЛЕНИЕ ПЕДАГОГИЧЕСКИХ НАУК**  
**DIRECTION OF PEDAGOGICAL SCIENCES**

**тақырыптық рубрикалар / тематические рубрики / subject headings**

**ПЕДАГОГИКА ЖӘНЕ ОҚЫТУ ӘДІСТЕМЕСІ –**  
**ПЕДАГОГИКА И МЕТОДИКА ПРЕПОДАВАНИЯ –**  
**PEDAGOGY AND TEACHING METHODS**

ӘОЖ: 378.091.12

<https://orcid.org/0000-0001-7374-5677>

<https://orcid.org/0000-0003-2403-0581>

**Алметов Н.Ш.,\* Абу М.К.**

педагогика ғ.д., доцент. М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

«Педагогика және психология» ББ 2-курс магистранты

М.Әуезов атындағы ОҚУ, Шымкент, Қазақстан

**БАСТАПҚЫ ӘСКЕРИ ДАЙЫНДЫҚ ҮРДСІНДЕ ОҚУШЫЛАРДЫҢ ӘСКЕРИ-  
ТЕХНИКАЛЫҚ ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҒЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ**

\*Автор-корреспондент: n\_almetov@mail.ru

**Түйін:** Мақалада жоғары сынып оқушыларына «Бастапқы әскери дайындық» пәнін оқытуда оқушылардың әскери-техникалық қызығушылықтарын қалыптастыру мәселесі қарастырылған. Мектепте әскери техника туралы алғашқы білімдер мен икемділіктерді қалыптастырудың мәні мен маңызы айқындалған. Оқушылардың әскери-техникалық қызығушылығын қалыптастыру олардың болашақ әскери қызметке даярлығына оң ықпал етеді, техникалық ойлауын және танымдық қызығушылықтарын дамытады, әскери-патриоттық сезімдерді оятады, әскери мамандықтарға кәсіби бағдар алуға әсерін тигізеді. Әскери-техникалық білімдерді меңгеру оқушылардың тарих, табиғи-жаратылыстану бағытындағы оқу пәндерінен де алатын білімдерінің тәжірибелік бағыттылығын күшейтеді. Оқушылар әскери техника тарихы, оның қазіргі даму деңгейі, әртүрлі әскери техникалық құрал-жабдықтардың қызметі, құрылымы, техникалық мінездемелерін қолжетімді деңгейде меңгере алады. Авторлар мектептегі «Бастапқы әскери дайындық» пәні мазмұнына талдау жасау арқылы, оның оқушылардың әскери-техникалық қызығушылықтарын қалыптастырудағы мүмкіндіктерін анықтаған. «Бастапқы әскери дайындық» пәні мұғалімдерінің озық тәжірибелерін зерделеу және қорыту негізінде оқушылардың әскери-техникалық қызығушылықтарын қалыптастырудың психологиялық-педагогикалық шарттарын анықтаған және негіздеген. «Бастапқы әскери дайындық» пәні мазмұнына талдау жасау арқылы, оның оқушылардың әскери-техникалық қызығушылықтарын қалыптастырудың диагностикалық (критерийлері мен өлшемдерін) тетіктерін әзірлеген.

**Кіліг сөздер:** бастапқы әскери дайындық, мектеп оқушылары, әскери техника, оқушылардың әскери-техникалық қызығушылығы.

**Кіріспе.** Қазақстан Республикасы білім беру жүйесін модернизациялаудың қазіргі кезеңінде оқушы-жастар әскери-патриоттық тәрбиесінің рөлі мен маңызы арта түседі. Қазіргі күрделі геосаяси жағдайларда оқушы-жастарды бастапқы әскери дайындығы сапасын жақсарту, мектепте «Бастапқы әскери дайындық» пәнін оқытудың нәтижелілігін арттыру аса маңызды.

Қазақстан Президенті - Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы V «Айбын» республикалық әскери-патриоттық жастар жиынының ашылуына қатыстып, өз сөзінде «Мемлекет басшысы жастарды әрқашан барлық азаматтарымызды біріктіретін ортақ құндылықтарға – жасампаз еңбекке, бейбітшілік пен келісімге, халықтың бірлігіне, Отанға деген мақтанш сезімге және оның ұлы тағдырына алаңдаушылық білдіруге

шақырды. – Мен батыл ұрпақ өсіп келе жатқанын көріп тұрмын. Сіздер заманауи Қазақстанның биік мұраттары негізінде тәрбие алдыңыздар. Өздеріңіздің білімдеріңізбен және қажырлы еңбектеріңізбен Отанымыздың – Мәңгілік еліміздің даңқын шығарасыздар. Сіздердің Тәуелсіздік құндылықтарын дәріптейтіндеріңізге, ел жетістіктерінің табысты эстафетасын абыроймен алып жүруді жалғастыратындарыңызға сенемін», – деп атап өтті [1].

**Теориялық талдау:** Жастар әскери-патриоттық тәрбиесінің өзектілігіне қарамастан бұл бағытта мәселелер де жоқ емес. «Елімізде әскер қатарына шақырылуы тиіс бозбалалардың 1/5 ғана сарбаз атанады. Қалғаны түрлі себеппен отан алдындағы борышын өтеуден босатылады. Иә, нарықтық заман дейміз бе? Жастар жаңа ғасырдың жаңашылдықтарын алға тартып, әскерге барудан бас тартып жататыны жиі байқалады. Мұның себебі неде?» [2].

Біздің пайымдауымызша, жастардың әскерге барудан бас тартып жататынының бір себебі - олардың әскери қызмет туралы жеткілікті түсінігінің болмауы, әскери қызметке қызықтыру тетіктерін толық пайдаланбау, солардың ішінде әскери-техникалық қызығушылықтарының дамымағандығы деу мүмкін.

Жастарды болашақ әскери қызметке даярлау олардың бастапқы әскери білімінің сапасы мен әскери-патриоттық тәрбиесінің нәтижелілігіне байланысты. Әскери өмір, әскери қызметтің ерекше, тартымды қырларын жақсы пайымдайтын, әскери-техникалық білімі мен икемділіктері қалыптасқан жастар ғана армияда қызмет етуге барынша ұмтылады.

«Бастапқы әскери дайындық» пәнін оқыту үдерісінде мектептің жоғары сатысы оқушыларының әскери-техникалық қызығушылықтарын қалыптастыру оқушылардың әскери салаға деген қызығушылығы мен құрметін, патриоттық сезімдерін, техникалық ойлауы мен шығармашылығын дамытудың маңызды құрамдасы ретінде қаралады [3;4].

Оқушыларының әскери-техникалық қызығушылықтарын олардың заманауи әскери техника туралы білімдерінің, әскери техниканы меңгеру қажеттілігін пайымдауларымен, оған тұрақты ұмтылыстары және әскери техниканы меңгеруде белсенділік пен шығармашылық танытуында анықталады.

***Оқушылардың әскери-техникалық қызығушылығын қалыптастырудың әлеуметтік, психологиялық-педагогикалық маңызы қандай?***

Оқушылардың әскери-техникалық қызығушылығын қалыптастыру олардың болашақ әскери қызметке даярлығына оң ықпал етеді, техникалық ойлауын және танымдық қызығушылықтарын дамытады, әскери-патриоттық сезімдері оятады, әскери мамандықтарға кәсіби бағдар алуға әсерін тигізеді. Әскери-техникалық білімдерді меңгеру оқушылардың тарих, табиғи-жаратылыстану бағытындағы оқу пәндерінен де алатын білімдерінің тәжірибелік бағыттылығын күшейтеді. Оқушылар әскери техника тарихы, оның қазіргі даму деңгейі, әртүрлі әскери техникалық құрал-жабдықтардың қызметі, құрылымы, техникалық мінездемелерін қолжетімді деңгейде меңгере алады.

Әскери техника балалар мен жастарда әрқашанда танымдық қызығушылық тудырады. Заманауи әскери техника – танктер, ұшақтардың түрлі модельдері, ракеталар, теңіз әскери кемалары, әртүрлі әскери қару-жарақтардың мінездемелері, техникалық құрылымы қай баланы, жеткіншек пен жасөспірімді өзіне тартпайды, дейсіз?

Бірақ оқушы-жастардың әскери-техникалық қызығушылықтары тек ғаламтордан алынатын мәліметтермен шектелмеуі, мектептегі білім беру мен тәрбиелеу мақсаттары аясында, мақсатты, әрі жоспарлы болуы тиіс. Мұнда жоғары сыныптарда өтілетін «Бастапқы әскери дайындық» пәні ерекше рөл атқарады. Сонымен, мектептегі математика, физика сабақтары аясында да оқушылардың әскери-техникалық білімдері мен икемділіктерін қалыптастыру мүмкіндіктері баршылық.

Жалпы білім беретін мектепте «Бастапқы әскери дайындық» пәнін оқытудың жаппай және озық тәжірибелерін зерделеу және қорытудың негізінде ***оқушылардың әскери-техникалық қызығушылықтарын қалыптастыру мен дамытудың психологиялық-***

*педагогикалық шарттары* анықалды. Атап айтқанда:

- заманауи әскери техника туралы оқушыларға қолжетімді, тартымды, қызықты мәліметтермен БӘД оқу пәні мазмұнын толықтыру;
- оқушыларда әскери-техникалық білімдердің Отанды қорғау, Қарулы күштеріміздің бәсекелестік қабілеттілігін дамытудағы маңыздылығын нақты мысалдар арқылы көрсету;
- оқушылардың әскери-техникалық білімдер мен икемділіктерді меңгеруге деген ұмтылыстарын интербелсенді әдістер көмегімен қолдау;
- заманауи әскери техниканың жоғары техникалық-технологиялық даму деңгейі, әскери-техникалық өндірістің әлеуеті туралы қызықты фактілер мен оқу материалдары көмегімен оқушыларды тарту;
- оқушылар әскери-техникалық қызығушылықтарын қолдаудың практикалық бағыттылығын күшейту, әскери-техникалық білімдерді тәжірибелік жаттығулармен пысықтау;
- оқушылар әскери-техникалық білімдерді меңгеруіндегі оқу-танымдық белсенділігін арттырудың арнаулы тәсілдері мен құралдарын пайдалану;
- әскери-техникалық білімдерді меңгерудің оқудан тыс, сабақтан тыс формаларын кеңінен пайдалану (әскери музейлер, әскери бөлімдерге саяхат, көрмелерге бару, сабақта оқушылардың жаңа әскери техникаларды презентациялауы т.б.).

1) *Заманауи әскери техника туралы оқушыларға қолжетімді, тартымды, қызықты мәліметтермен БӘД оқу пәні мазмұнын толықтыру.*

Біздің педагогикалық байқауларымыз, БӘД пәні мұғалімдері және жоғары сынып оқушыларымен жүргізілген сұхбаттар оқушылардың, әсіресе ер балалардың заманауи әскери техникаға ерекше қызығушылық танытатындығын көрсетті. Оқушыларды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, Ұжымдық қауіпсіздік ұйымына мүше елдер, Батыс елдері әскери техникасы туралы қызықты мәліметтер, олардың техникалық мінездемелері туралы деректі материалдар өзіне тартатындығы анықталды. БӘД мұғалімі пәндік бағдарлама мазмұнының мүмкін болған барлық тақырыптарында заманауи әскери техника, оның мүмкіндіктері, құрылымы және пайдалану саласы туралы қарапайым, балаларға қызықты әрі қолжетімді мәліметтерді бергені жөн. БӘД оқу пәні оқушыларға әскери техника туралы түрлі форматтағы қызықты мәліметтер беруге жақсы мүмкіндіктер жасайды. Мұндай тәсілдер оқушылардың БӘД пәнінің басқа тақырыптарына үйлесімді болады, оларды толықтырады.

Заманауи әскери техника туралы оқу- танымдық материалдар әдетте интернеттен, әртүрлі сайттардан алынған, әскери басылымдар, газет-журналдардан алынған материалдар болуы мүмкін. Бірақ мұндай материалдар оқушылардың жас психофизиологиялық ерекшеліктеріне, мектепте оқыту мен тәрбиелеудің дидактикалық және тәрбиелік принциптеріне сәйкес келетіндей болуы керек. Кез келген материалды педагогикалық мақсаттылық тұрғысынан қарастырмай қолдануға болмайды. Әскери техника туралы қызықты танымдық материалдар оқушылардың отансүйгіштік тәрбиесі мақсаттары аясында болуы зәру, балалардың техникалық ойлауы мен қызығушылықтарын дамытатындай болуы керек.

2) *Оқушыларда әскери-техникалық білімдердің Отанды қорғау, Қарулы күштеріміздің бәсекелестік қабілеттілігін дамытудағы маңыздылығын нақты мысалдар арқылы көрсету.* Оқушыларөздері алатын бастапқы әскери білімдер патриоттық мақсаттар мен міндеттерге бағыт-бағдар алатындығын, Елдің қауіпсіздігі, бейбітшілік, Қарулы күштеріміздің бәсекелестік қабілетін сақтау және нығайту мақсаттарына қызмет етуі керектігін жақсы түсінулері керек. Оқушыларға заманауи әскери-техника туралы жаңа білімдер беру, кейбір қарапайым әскери техника үлгілерін тәжірибелік тұрғыдан зерделеуге мүмкіндіктер жасау қажет. БӘД мұғалімі әскери техника түрлерінің қысқаша тарихына шолу жасап, олардың шынайы әскери жағдайларда қолданылуына мысал келтіруі мүмкін. Мысалы, аңызға айналған Ұлы Отан жылдарындағы «Катюша» ракеталық құрылғысының тарихи мен байланысты тарихи-деректі фактілер оқушыларды

жағымды эмоционалдық, патриоттық сезімдерді оятады. Немесе, континентарлық ракеталардың техникалық мүмкіндіктерімен қатар, олар қазіргі күрделі геосаяси жағдайларда алып елдердің бір-біріне құрметпен қарауына ықпал ететіндігін атап көрсету керек. Демек, БӘД оқу пәні сабақтарында оқушыларға берілетін танымдық материалдар міндетті түрде тәрбиелік мазмұнда, тәрбиенің заманауи принциптеріне сай болуы қажет. Оқушыларға әскери техниканың маңыздылығын түсіндіру патриоттық сезімдер тудыратын нақты мысалдармен пысықталуы қажет.

3) *Оқушылардың әскери-техникалық білімдер мен икемділіктерді меңгеруге деген ұмтылыстарын интербелсенді әдістер көмегімен қолдау.*

Оқушылардың әскери-техникалық білімдер мен икемділіктерді меңгеруінің интербелсенді сипатта болуы, яғни оқушылардың оқу үдерісінің белсенді, толыққанды қатысушысы, субъектісі болуы аса маңызды. Атап айтқанда, оқушылар мұғалімнен тек даяр оқу білімдерді алумен шектелмей, өздері жаңа білімдерді ізденуі қажет. БӘД мұғалімі оқушылардың дербестігін, танымдық ізденімпаздығын мотивациялайтын түрлі интербелсенді әдістерді қолдануы керек. Мысалы, проблемалық сипаттағы сұрақтар, ақпарат көздерінен әскери техникаға қатысты мәліметтерді іздеу, заманауи әскери техника туралы презентациялар дайындау, топтық жұмыстар, жеке деңгейлі тапсырмалар жақсы нәтижелер береді. Оқушылар өздері іздеген, тапқан әскери-техникалық материалдарды сыныптас достарымен бөлісуі, танымдық қарым-қатынастар жасауына қол жеткізу керек.

4) *Заманауи әскери техниканың жоғары техникалық-технологиялық дамуы деңгейі, әскери-техникалық өндірістің әлеуеті туралы қызықты фактілер мен оқу материалдары көмегімен оқушыларды тарту.*

Оқушыларды әскери-техникалық фактілер, әсіресе таңқаларлық жағдайдағы материалдармен таныстыру, оларды іздеуге, олар туралы материалдар дайындауға баулу оқу үдерісінде жақсы нәтижелер береді. Заманауи әскери техника – танктер, ұшақтар, ракеталар, бронотранспортерлер, әскери кемелер т.б. туралы қызықты дәлелдер – оқушыларды өзіне тез тартатын танымдық құралдар.

5) *Оқушылар әскери-техникалық қызығушылықтарын қолдаудың практикалық бағыттылығын күшейту, әскери-техникалық білімдерді тәжірибелік жаттығулармен пысықтау.*

Оқушылар меңгеретін әскери-техникалық білімдер тек теория жүзінде қалып кетпеуі керек. Танымдық сипаттағы әскери-техникалық білімдер Блум таксономиясы сатылар бойынша «тану – түсіну - қолдану - талдау- жинақтау-бағалау» көтерілуі керек. Біздің педагогикалық байқауларымыз ол әдетте тану және түсіну деңгейінен көтерілмейді. Бірақ БӘД пәнін оқытуда әскери-техникалық білімдердің тәжірибелік сипатта, қолдану деңгейіне көтерілуі үшін арнайы жаттығуларды пайдалану мүмкін. Оқушылар автоматтарды шашу және жинау жаттығуы баршаға мәлім. Ал күрделі әскери техникалардың модельдері, макеттерін сабақта әртүрлі практикалық жаттығуларды орындау үшін қолдану мүмкін.

6) *Әскери-техникалық білімдерді меңгерудің оқудан тыс, сабақтан тыс формаларын кеңінен пайдалану.*

Оқушылар БӘД пәні сабақтарында алған әскери-техникалық білімдерді кеңейту, пысықтау мақсатында сабақтан тыс әскери-техникалық танымдық іс-әрекет формаларын пайдалануға болады. Мысалы әскери музейлер, әскери бөлімдерге саяхат, көрмелерге бару, сабақта оқушылардың жаңа әскери техникаларды презентациялауы т.б.) ұйымдастырудың маңызы жоғары. Мұнда оқушылар әскери техникалардың жай бейнелері, макеттерінен емес, шынайы үлгілерін көру, әскери қызметшілермен кездесу және сұхбаттасу, пікір алмасу, әскери техниканың құрылымы, техникалық мінездемелері, жұмысы туралы шынайы, көрнекті ақпарат алуға мүмкіндік алады. Балалар болашақтағы әскери қызметке қызығады, тіпті болашақта әскери мамандықтар меңгеруді де ниет етуі мүмкін.

***Оқушылардың әскери техникаға қызығушылығын қалыптастырудың***

**тиімділігін бағалау.** Бұл бағалаудың міндетті критерийі- жоғары сынып оқушыларының әскери техникаға қызығушылығы. 1-кестеде оқушылардың әскери техникаға қызығушылығы қалыптасқандығының критерийлері, көрсеткіштері және оны өлшеудің диагностикалық әдістері берілген.

Кесте 1. Оқушылардың әскери-техникалық қызығушылықтарын диагностикалау критерийлері, көрсеткіштері мен әдістері

Критерийлер	Көрсеткіштер	Диагностикалау әдістері
1. Әскери техника туралы білімдер мен түсініктердің болуы.	- әскери-техника саласында бастапқы білімдер мен түсініктердің болуы; - БӘД пәнін оқу үрдісінде алынған әскери-техникалық білімдердің деңгейі.	тестілеу
2. Әскери-техникалық білімдерді меңгеруге саналы қатынасы.	- оқушының әскери-техникалық білімдер мен икемділіктерді меңгерудің маңыздылығын пайымдауы; - әскери-техникалық білімдер мен икемділіктерді меңгеруде жауапкершілік сезімі.	сауалнама, педагогикалық байқау әдісі
3. Әскери-техникалық білімдерді меңгеруге тұрақты ұмтылыстар	- оқушыныңәскери-техникалық білімдер мен икемділіктерді меңгеруге ұмтылыстарының байқалуы; - әскери-техникалық білімдер мен икемділіктерді меңгеругедегі белсенділігі.	Педагогикалық байқау, сараптамалық талдау әдістері
4. Әскери-техникалық білімдер мен икемділіктердің тұлғалық-мағыналық сипаты	- оқушының жеке басы үшін әскери-техникалық білімдер мен икемділіктердің мағыналығы; - әскери-техникалық білімдері мен икемділіктерін болашақ кәсіби қызметте, өмірде пайдалануға бағдарлануы.	эссе, сұхбат

**Қорытынды.** Қорыта келе, жалпы білім беретін мектептің жоғары сатысында «Бастапқы әскери дайындық» пәнінің оқушылардың әскери-техникалық қызығушылықтарын қалыптастырудағы мүмкіндіктері жоғары. Сондықтан, бастапқы әскери дайындықтың пәндік мазмұнын әскери-техникалық білімдер мен икемділіктерді меңгеруге бағдарлау қажет. Оқушылардың әскери-техникалық қызығушылықтарын қалыптастыру, әскери техника тарихы, замнауи әскери құрал-жабдықтар мен техника туралы қызықты материалдарды беру, оларды оқушылардың өздері іздеуі және презентациялауы, әртүрлі әскери техникалар модельдермен жұмыс, оларды жасау, көрмелер ұйымдастыру, әскери бөлімдерге, әскери мұражайларға саяхат т.б. әдістер

көмегімен жүзеге асырылады.

### Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Президенті - Қазақстан Қарулы Күштерінің Жоғарғы Бас қолбасшысы V «Айбын» республикалық әскери-патриоттық жастар жиынының ашылуына қатысты// <https://mangystaumedial.kz/kk/zhastar-beti/81883>.

2. Жастар неге әскерге барғысы келмейді? // <https://el.kz/news/kogam/aza-armiyasy-anday/>.

3. Жалпы орта білім беру деңгейінің «Бастапқы әскери дайындық» пәні оқу бағдарламалары: қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11 сыныптар. Астана: ҚР Білім және ғылым министрлігі, 2020.

4. Алғашқы әскери дайындық: Оқулық. 10-11 сынып. Авторлары: К. Аманжолов, А. Тасболатов, Д. Майжиев, Б. Аманжолова. - Алматы. «Мектеп» баспасы. 2015.

**Аннотация:** В статье рассматривается проблема формирования военно-технических интересов учащихся старших классов в процессе обучения предмета «Начальная военная подготовка» в общеобразовательной школе. Определена сущность и значение формирования первоначальных военно-технических знаний и умений у школьников. Отмечено, что формирование военно-технических интересов школьников положительно влияет на их подготовку к будущей воинской службе, развивает техническое мышление и познавательные способности, побуждают военно-патриотические чувства, воздействует на ориентацию и выбор военной профессии. Владение военно-техническими знаниями усиливает практическую направленность изучения учащимися истории и предметов естественно-математического направления. Учащиеся могут усвоить доступные материалы об истории и современном состоянии военной техники, разных видов военно-технических средств, об их устройстве и технических характеристиках. На основе анализа содержания предмета «Начальная военная подготовка» авторы определили его возможности в формировании военно-технических интересов школьников. Изучение и анализ передовой педагогической практики учителей начальной военной подготовки позволили авторам определить психолого-педагогические условия формирования военно-технических интересов учащихся. Выявлены диагностические механизмы (критерии, показатели и методы) формирования военно-технических интересов учащихся в преподавании начальной военной подготовки в школе.

**Ключевые слова:** начальная военная подготовка, учащиеся, военная техника, военно-технические интересы учащихся.

**Abstract:** The article discusses the problem of forming military-technical interests of high school students in the process of teaching the subject "Basic military training" at school. The essence and significance of the formation of the initial military-technical knowledge and skills in the school is determined. It is noted that the formation of the military-technical interests of schoolpupils positively affects their preparation for future military service, develops technical thinking and cognitive abilities, awake military-patriotic feelings, impacts on orientation and choice of the military profession. Mastering military-technical knowledge strengthens the practical orientation of studying history and natural-mathematical subjects by school students. School students can learn available materials about history and modern state of military equipment, various types of military equipment, their construction and technical characteristics. Based on the analysis of the content of the subject "Basic military training," the authors determined its capabilities in formation of military-technical interests of schoolpupils. The study and analysis of the best pedagogical practice of teachers of basic military training allowed the authors to determine psychological and pedagogical conditions for formation of military-technical interests of school students. Diagnostic mechanisms (criteria, indicators and methods) of the formation of military-technical interests of school students in teaching basic military training at school have been identified.

**Key words:** primary military training, students, military equipment, military-technical interests of students.